

**«Қызылорда облысының білім басқармасының
Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің
№79 негізгі мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
мектепалды даярлық сыныптары бойынша
өзін – өзі аттестаттау
АНЫҚТАМАСЫ**

Мазмұны

1. Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1.1. Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің МЖМС мен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының (ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі;

1.2. Білім беру қызметін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламасына сәйкес іске асыру;

1.3. ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау;

1.4. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

1.5. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

1.6. Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

2. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

2.1 МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

3. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

3.1. Балалардың жасын ескеріп, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

3.2. Тәрбиеленушіні 1 – сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау;

«Қызылорда облыстық білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің №79 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
04.09.2025 күні педагогикалық кеңес болып өтті.

Қатысқандар: Мектептің педагогикалық ұжымы

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің білім беру мекемелерін мемлекеттік аттестатаудан өткізудің 2025 жылға арналған кестесіне сәйкес мектептің мемлекеттік аттестатаудан өтуі туралы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Ә.Мыржақов бақылау департаментінің кестесіне сәйкес 2025 жылдың қараша айында мектеп мемлекеттік аттестаттаудан өтуі тиіс екенін және бұл аттестаттаудың мақсаты мен міндеттерін, ережелерін ұжымға таныстырды. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын жүзеге асыратынын білім беру ұйымдарында 3 жыл сайын өткізілетінін және осыған байланысты өкілетті ведомствосына өзін-өзі бағалау материалдарын ұсынатынын айтты. Өзін-өзі бағалау дегеніміз: талдауды, ішкі бақылауды, диагностиканы, жоспарлау, білім беру қызметін жақсартудың механизмін қамтиды. Осыған орай мектептің өзін-өзі аттестациялау жөніндегі сараптамалық комиссиясын түзу керектігін ескертті. Өзін-өзі бағалауда ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022 ж 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын пайдалана отырып жүргіземіз. Өзін-өзі бағалау жөніндегі сараптама комиссия мүшелермен таныстырып олардың бағалау өлшемшарттарына сәйкес талдау жүргізуіне, сандық-сапалық көрсеткіштеріне бағалауды, егжей-тегжейлі талдау жүргізу керектігін ескертті. Оқыту нәтижелеріне бағалау жоғары оқу орнын қоспағанда 4,9 сыныптардың арасында жүргізіледі.

Тестілеу кезіндегі бағалау шәкілі:

«өте жақсы» - 85-100%

«жақсы» - 65-84%

«қанағаттанарлық» - 40-64%

«қанағаттанарлықсыз» - сұрақтар санынан 40%-дан кем болғанда;

Оқу, оқыту нәтижелерін бағалау қорытындысы бойынша апелляция көзделмеген.

Күн тәртібіндегі мәселені тыңдап, талқылай келе педагогикалық кеңес

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.Мектептің өзін-өзі бағалау жөніндегі сараптамалық комиссиясы төмендегіше құрамда бекітілсін.

1) Ә.Т.Мыржақов - комиссия төрағасы, мектеп директоры;

2) Г.С.Бейісова – комиссия мүшесі, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;

3)С.МӘбікенова – комиссия мүшесі, директордың бейін бойынша оқыту жөніндегі орынбасары

- 4) К.Ж.Нақыпова – комиссия мүшесі, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;
- 5) А.А.Бисенова – комиссия мүшесі, бастауыш сынып бірлестігінің жетекшісі;
- 6) М.Н.Есжанова – комиссия мүшесі, директордың шаруашылық меңгерушісі;
- 7) Р.Б.Бегежанова – комиссия мүшесі, қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі, кәсіподақ комитетінің төрағасы;
- 8) Н.Н.Ахметов – комиссия мүшесі, әлеуметтік педагог;
- 9) Қ.С.Саруаров – комиссия мүшесі, мектеп психологы;
2. Мектеп қызметіне сараптама жүргізу мерзімі 2025 жылдың 05.09 мен 10.10 айына дейінгі кезеңге белгіленсін.
3. Өзін-өзі бағалау комиссиясының сараптама нәтижелері педагогикалық кеңеске ұсынылсын.
4. Өзін-өзі бағалау материалдарын жинап бақылау департаментіне тапсырылсын.
5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.



Мектеп директоры:
Қатшы:

Ә.Мыржаков
А.Есмағанбетова



Бұйрық

«04» 09 2025ж. №119

№79 негізгі мектепте өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу туралы

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұстанымдар «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қызылорда облыстық білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің №79 негізгі мектебі» КММ – де бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.
2. Мектепте өзін-өзі бағалау жүргізу жөніндегі комиссия құрамы төмендегідей бекітілсін:
 - 1) Ә.Т.Мыржақов - комиссия төрағасы, мектеп директоры;
 - 2) Г.С.Бейісова – комиссия мүшесі, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;
 - 3) С.М.Әбікенова – комиссия мүшесі, директордың бейін бойынша оқыту жөніндегі орынбасары
 - 4) К.Ж.Нақыпова – комиссия мүшесі, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;
 - 5) А.А.Бисенова – комиссия мүшесі, бастауыш сынып бірлестігінің жетекшісі;
 - 6) М.Н.Есжанова комиссия мүшесі, директордың шаруашылық меңгерушісі;
 - 7) Р.Б.Бегжанова – комиссия мүшесі, қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі, кәсіподақ комитетінің төрағасы;
 - 8) Н.Н.Ахметов – комиссия мүшесі, әлеуметтік педагог;
 - 9) Қ.С.Саруаров – комиссия мүшесі, мектеп психологы;
3. Өзін өзі бағалау жұмыстары Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес жүргізілсін.
4. Комиссия мүшелеріне 2025 жылғы қазан айының 10-на дейін сараптау нәтижесін шығарып, қорытынды есеп жасау тапсырылсын.

5. Өзін өзі бағалау жөніндегі қорытынды анықтамасы педагогикалық кеңесте қаралуын және қамқоршылық кеңесте қорытындысын беруді өзіме жүктеймін.
6. Өзін-өзі бағалау нәтижелері 2025 жылғы қараша айының 1-іне дейін Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне және интернет ресурстарында орналастырылсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.



Мектеп директоры:

Ә.Мыржақов

**«Қызылорда облыстық білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің №79 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалауды өткізудің қорытындысы туралы
ТҰЖЫРЫМЫ**

Қызылтам ауылы

2025 жыл

Өзін-өзі бағалауды өткізу күні: 2025 жылдың 04 қыркүйек пен 10 қазан аралығы. «Қызылорда облыстық білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің №79 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 05 желтоқсандағы №486 бұйрығы, (№31053 болып тіркелген) және «№79 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 4 қыркүйегіндегі №119 бұйрығына сәйкес төмендегі құрамда комиссия құрылды және өзін-өзі бағалау өткізілді:

- 1) Ә.Т.Мыржақов - комиссия төрағасы, мектеп директоры;
- 2) Г.С.Бейісова – комиссия мүшесі, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;
- 3) С.М.Әбікенова – комиссия мүшесі, директордың бейін бойынша оқыту жөніндегі орынбасары
- 4) К.Ж.Нақыпова – комиссия мүшесі, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;
- 5) А.А.Бисенова – комиссия мүшесі, бастауыш сынып бірлестігінің жетекшісі;
- 6) М.Н.Есжанова – комиссия мүшесі, директордың шаруашылық меңгерушісі;
- 7) Р.Б.Бегежанова – комиссия мүшесі, қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі, кәсіподақ комитетінің төрағасы;
- 8) Н.Н.Ахметов – комиссия мүшесі, әлеуметтік педагог;
- 9) Қ.С.Саруаров – комиссия мүшесі, мектеп психологы;

Мақсаты: «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы №486 бұйрығы, 2022 жылғы 09 желтоқсандағы (№31053 болып тіркелген) сәйкес «Қызылорда облыстық білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№79 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының талаптарының орындалуын тексеру.

Комиссияға ұсынылған өзін-өзі бағалау материалдарын, құрылтайшылық, мектептің басқа да қызметтерін регламенттейтін құжаттарын зерделеп, бітіруші сынып оқушыларының білім деңгейін анықтау мақсатында мектеп педагогтарынан сауалнамалар алынды

I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы. Білім беру ұйымының толық атауы:

«Қызылорда облысы білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№79 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Білім беру ұйымының орналасқан жері: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Қызылтам ауылы, Сарыжылуан көшесі, № 1 үй

Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Байланыс телефоны: 8 (72437) 4-01-87

Электронды поштасы – karm79_mektep@mail.ru

Мектеп сайты - <https://79mek-karmakshy.testim.kz/>

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:

Мыржақов Әсет Тынымбекұлы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің» 33 бабының 1-тармағы, 34,111 бабына және ҚР 2025 жылғы 31 наурыздағы №57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №96 бірлескен бұйрығымен Қармақшы ауданының білім бөлімінің 04.09.2025 жылғы № 54 бұйрығымен «Қармақшы аудандық білім бөлімінің №79 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметіне тағайындалған.

Заңды тұлға өкілінің байланыс телефон нөмірі: 87089489377

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары:

Мектеп заңды тұлға ретінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қызылорда облысының Әділет департаменті Қармақшы ауданаралық әділет басқармасы 2021 жылдың 21 қаңтарында (атауының өзгеруіне, қатысушылар құрамының өзгеруіне, жарғының немесе ереженің жаңа редакциясы) мемлекеттік қайта тіркеуден өткен,

БСН 050240009544.

Білім беруге құқықтық лицензия: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті. Лицензия №KZ65LAM00006983, лицензия берілген күні 18.06.2025ж.

Құрылтайшылар: «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі, БИН 050240009544

Мектептің техникалық төлқұжаты – 1989ж.

«Қызылорда облысы білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің №79 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, Қызылорда облысының Әділет департаменті тарапынан 15.01.2021ж. бекітілген.

«Қызылорда облысы білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№79 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің іргетасы 1974 жылы ең алғаш №246 сегіз жылдық мектеп болып, тұрғын үй есебінде салынды. 1989 жылы Қармақшы аудандық әкімдігінің шешімімен №79 тоғыз жылдық мектеп болып құрылды және «№79 негізгі мектебі» болып өзгертілді. Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылы 13 қаңтардағы №180 шешімімен «Қармақшы аудандық білім бөлімінің №79 негізгі мектебі»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Қызылорда облысы білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің №79 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталған.

Мектепте спорт зал, акт зал, асхана, кітапхана, медициналық бөлме және компьютер сыныптары бар. Жылу, су және кәріз жүйелері дербес түрде (автономды) қамтылған.

Мектепте оқушыларға медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын арнайы бөлме жұмыс жасайды, медициналық жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасынан медициналық қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік лицензия алынған, алғашқы берілген уақыты 18.02.2021ж №21008444, Медициналық кабинеттің ауданы 28,01 шаршы метр, толық жабдықталған.

Білім беру ұйымында 20 орындық асхана жұмыс жасайды, тамақтану объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық - эпидемиологиялық қорытынды 16.06.2016 жылы №N.03.X.KZ11VBS00032916 алынған. Асхана құрал-жабдықтармен, тамақ ішетін орын, ас әзірлеу орнымен қамтамасыз етілген. Оқушылар тұтынатын азық-түлікке, тамақтарға рұқсат етілген, сертификатталған өнімдер пайдаланылуда, ас мәзірлері бекітілген. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балалары ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Мектепте білім беру қызметі 2 сатыда (бастауыш, негізгі) жүзеге асырылады. Оқыту тілі – қазақ. Ауысым саны – 1

2. Кадрлық құрамға талдау

2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық тобына 1 сынып жасақталды, бұл топқа жоғарғы білімі бар Байқазақова Индира Мырзағалиқызы білім беру қызметін атқарды. Диплом бойынша Байқазақова Индира Мырзағалиқызының мамандығы «Бастауыш сыныпта оқытудың әдістемесі» маманы. Санаты-санатсыз, пед.стаж-17 жыл. Біліктілік арттыру курсы: «Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік жұмыстың ұйымдастырушылық-педагогикалық аспектілері» тақырыбындағы курс бойынша 72 академиялық сағат көлемінде оқу курсын аяқтады. 30.10.2020 ж. АО «Өрлеу» № 0388716. **2024-2025 оқу жылында** мектепалды даярлық тобына 1 сынып жасақталды, бұл топқа жоғарғы білімі бар Байқазақова Индира Мырзағалиқызы білім беру қызметін атқарды. Диплом бойынша Байқазақова Индира Мырзағалиқызының мамандығы «Бастауыш сыныпта оқытудың әдістемесі» маманы. Санаты-санатсыз, пед.стаж-18 жыл. «Бастауыш мектепте құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру» тақырыбындағы курсы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде оқу курсын аяқтады. АО «Өрлеу» №0702465. **2025-2026 оқу жылында** мектепалды даярлық тобына 1 сынып жасақталды, бұл топқа жоғарғы білімі бар Байқазақова Индира Мырзағалиқызы білім беру қызметін атқарды. Диплом бойынша Байқазақова Индира Мырзағалиқызының мамандығы «Бастауыш сыныпта оқытудың әдістемесі» маманы. Санаты-педагог-модератор, пед.стаж-19 жыл. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру» тақырыбындағы курсы бойынша 80 академиялық

сағат көлемінде оқу курсы аяқтады. «USTAZ» педагогтерді үздіксіз кәсіби дамыту орталығы ЖШС №1171

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшем шарттарына
2-қосымша

**Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер
№79 негізгі мектебі**

№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Туған жылы мен жері	Жоғары және/немесе техникалық және кәсіптік, және/немесе орта білімнен кейінгі білімі, қайта даярлаудан өткен туралы мәлімет, мамандығы, диплом бойынша біліктілігі, бітірген жылы, бейіні бойынша соңғы 3 жылда кемінде 72 сағат көлемінде ұйымдарда және/немесе өндірісте тағылымдамадан өтуі (өнірістің, ұйымның атауы, оқу мерзімі)	Негізгі жұмыс орны (ұйымның мекен жайы)	Оқытылатын пәндер бейіні бойынша практикалық жұмыс туралы мәлімет, жұмыс өтілі	Сотталмағандығы (сотталғандығы) туралы мәлімет*	Санаты, берілген күні, санат берілгені туралы бұйрықтың нөмірі* - сарапшылар, педагог-зерттеушілер, педагог-шеберлер туралы мәлімет. Конкурстар мен жарыстардың жеңімпаздарын дайындаған педагогтер туралы мәліметтер	Медициналық тексеруден өткені туралы мәлімет (санитарлық кітаптың болуы) *	Магистр дәрежесі туралы мәлімет (магистрандығы, берілген жылы) *
1	Байқазақова Индира Мырзағалиқызы.	10.05.1983	Болашақ- 2010-2013 ж «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» ҚР халықаралық білім беруді дамыту академиясы. Қайта даярлау курсы 808 сағат. 22.11.2023-10.04.2024 ж Мектепалды даярлық сынып тәрбиешісі.	№79 негізгі мектебі	Жалпы пед өтілі 18 жыл МАД 3 жыл Бастауыш сынып	08.08.2024 жылдың жағдайы бойынша соттылығы жоқ	Педагог-модератор 9.04.2025ж Бұйрық №10	9.08.2025 ж	-

Мектеп директоры:

Ә.Т.Мыржақов

3.Тәрбиеленушілер контингенті

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы

2023-2024 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес білім алушылар контингенті барлығы бір мектепалды сыныбына 5 бала қабылданды, оқу жылын осы бала санымен аяқтады. ҰБДҚ-да МДС-та оқитындар «Қызылорда облысының білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің №79 негізгі мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің контингентінде есепке алынды.

2024-2025 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес білім алушылар контингенті барлығы бір мектепалды сыныбында 9 бала қабылданды, қазіргі кезеңде ҰБДҚ-да МДС-та оқитын 9 баламен аяқтады. «Қызылорда облысының білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің №79 негізгі мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің контингентінде есепке алынды.

МДС тәрбиеленушілерінің құрылымы 2021 жылдан бастап 2023 жылға дейін білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығының 3-қосымшада ұсынылған.

Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1)Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында «Білім берудегі барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрықтарының 2 – қосымшасының 4 – тарау, 25 – тармағына сәйкес күнтізбелік жылдағы толық жасы ескеріліп, 5 жастағы балалармен мектепалды тобы 8 білім алушыдан аспай жасақталды. Балалардың жасына сәйкес жас топтарын қалыптастыру кезінде ЖМБС талаптары сақталды.

2) Тәрбиеленушіні 1 – сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау;

МДС-ға 5-6 жастағы балаларды қабылдау «тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына сәйкес ата-аналардың өтініштері және бұйрық шығару (бұйрықтардың көшірмелері қоса беріледі) негізінде жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепалды сыныптарында оқу процесі 1 қыркүйектен бастап 31 мамырға дейін жүзеге асырылды (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру кезеңі). Оқу жылдары ішінде 1-сыныптың каникул кезеңіне сәйкес каникул белгіленді.

Білім беру ұйымдарын бағалау
өлшем шарттарына
3-қосымша

«№79 негізгі мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы (2023-2024 оқу жылы)

P/c	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні, айы, жылы	Топтың атауы	Жас кезеңдері	Мектепке дейінгі ұйымға қабылдағаны туралы мәлімет	Жас топтары
1	2	3	4	5	6 келген мерзімі оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша (жекеменшік МДҰ үшін) 7	8
1	Алпысбай Ақтілек Алтынбекұлы	21.06.2018 ж	0 «А» сынып	5		Мектеп алды даярлық сынып
2	Белесқызы Әдемі	28.06.2018 ж	0 «А» сынып	5		
3	Болатбек Раяна Дәуренқызы	14.06.2018 ж	0 «А» сынып	5		
4	Ибаш Іңкәр Асқарқызы	08.09.2018 ж	0 «А» сынып	5		
5	Балмахан Әлинұр Қазбекұлы	15.04.2018 ж	0 «А» сынып	5		

«№79 негізгі мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы (2024-2025 оқу жылы)

P/c	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні, айы, жылы	Топтың атауы	Жас кезеңдері	Мектепке дейінгі ұйымға қабылдағаны туралы мәлімет	Жас топтары
1	2	3	4	5	6 Келген мерзімі оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша (жекеменшік МДҰ үшін)	6
1	Сейілханұлы Айдын	10.09.2019 ж	0 «А» сынып	5		Мектеп

2	Ерахметов Алинұр Нұрсламханұлы	11.06.2019 ж	0 «А» сынып	5				алды даярлық сынып
3	Нұрабек Мұхаммедали Кенжебекұлы	16.06.2019 ж	0 «А» сынып	5				
4	Бекқадір Айбибі Саматқызы	16.05.2019 ж	0 «А» сынып	5				
5	Жұмаханова Еркеназ Болатқызы	19.04.2019 ж	0 «А» сынып	5				
6	Мейрамбек Ілияс Талантұлы	19.12.2019 ж	0 «А» сынып	5				
7	Болатбек Абылай Дәуренұлы	10.12.2019 ж	0 «А» сынып	5				
8	Айтбаев Заңғар Бауыржанұлы	04.05.2019 ж	0 «А» сынып	5				
9	Тобжанұлы Бақберген	16.01.2019 ж	0 «А» сынып	5				

«№79 негізгі мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы (2025-2026 оқу жылы)

P/c	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні, айы, жылы	Топтың атауы	Жас кезеңдері	Мектепке дейінгі қабылдағаны мәлімет	ұйымға туралы	Жас топтары
1	2	3	4	5	келген мерзімі 6	оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша (жекеменшік МДҰ үшін)	
1	Аликова Гауһар Абылайханқызы	02.01.2020 ж	0 «А» сынып	5	25.08.2025ж		Мектеп алды даярлық сынып
2	Анашбек Төребек Айдарбекұлы	09.03.2020 ж	0 «А» сынып	5	20.06.2025ж		
3	Мұратбек Нұртөре Маратұлы	27.04.2020 ж	0 «А» сынып	5	20.06.2025ж		
4	Рахымжанов Шахмардан Жомартұлы	15.08.2020 ж	0 «А» сынып	5	20.06.2025ж		
5	Қоржымбаева Гүлфариза Әлиханқызы	18.11.2020 ж	0 «А» сынып	5	20.06.2025ж		
6	Ибашов Мұхамедәлі Асқарұлы	28.10.2020 ж	0 «А» сынып	5	20.06.2025ж		
7	Жамбыл Нұрислам Дастанұлы	07.07.2020 ж	0 «А» сынып	5	20.06.2025ж		
8	Келдібай Әнуарбек Әділбекұлы	03.03.2020 ж	0 «А» сынып	5	29.08.2025ж		

4.Оқу – әдістемелік жұмысы

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде

№8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкестігі;

2023-2024 оқу жылында 0 «А» мектепалды сыныптарында білім беру процесі:

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығының 1 – қосымшасымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына; ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқу жоспары жасақталды. Оқу жоспарындағы ең жоғары апталық жүктеменің көлемі – 20 сағатты қамтыды. 2023-2024 оқу жылында бекітілген оқу жоспарлары негізінде талапқа сай сабақ кестелері құрылып, мектеп басшысы мөрімен бекітілген.

№	Білім беру саласы/ Ұйымдастырылған оқу қызметі	Аптасына өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Қимыл белсенділігі	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық, зерттеу әрекеттері	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
	Шығармашылық, бейнелеу әрекеті	күн сайын	
7	Музыка		2 сағат
	Шығармашылық, музыкалық, қимыл әрекеті	күн сайын	
	Ұйымдастырылған іс – әрекетінің ұзақтығы	25-30 минут	
	Барлығы	20	

2024-2025 оқу жылында 0 «А» мектепалды сыныптарында білім беру процесі:

2024-2025 оқу жылының оқу жоспарын жасау үшін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары;

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары; ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқу жоспары жасақталды.

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет /балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктемесі
1	Дене шынықтыру Қимыл белсенділігі	күн сайын	3 сағат
2	Сөйлеуді дамыту Тілдік қарым-қатынас Көркем әдебиет Тілдік қарым-қатынас Қазақ тілі	күн сайын күн сайын күн сайын	2 сағат 2 сағат 2 сағат
3	Қазақ тілі Сауат ашу негіздері	күн сайын	3 сағат
4	Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет Математика негіздері	күн сайын	3 сағат
5	Танымдық, зерттеу әрекеттері		
6	Қоршаған ортамен таныстыру Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру	күн сайын	2 сағат 1 сағат
7	Құрастыру Шығармашылық, бейнелеу әрекеті Музыка	күн сайын күн сайын	2 сағат
8	Шығармашылық, музыкалық, қимыл әрекеті		
	Ұйымдастырылған іс – әрекетінің ұзақтығы	25-30 мин	
	Барлығы	20	

2025-2026 оқу жылында 0 «А» мектепалды сыныптарында білім беру процесі:

2025-2026 оқу жылының оқу жоспарын жасау үшін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары;

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқу жоспары жасақталды.

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет/балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктемесі
1	Дене тәрбиесі		3 сағат
	Дене тәрбиесі	Күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	Күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі	Күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	Күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	Күн сайын	
5	Қоршаған әлеммен танысу		2 сағат
6	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	Күн сайын	
	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет	Күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка	Күн сайын	
8	Барлығы		20 сағат

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру;

2023-2024 оқу жылында МДС-та «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына сәйкес әзірленген оқу бағдарламалары іске асырылады. Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу МДС-та «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелерге сәйкес олардың физикалық, зияткерлік және жеке қасиеттеріне бағытталған. МДС-та арнайы түзету ұйымдастырылған оқу қызметіне мұқтаж балалар жоқ. Үлгілік оқу бағдарлама мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға

бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары негізінде жүзеге асырылды.

2024-2025 оқу жылында Оқу жоспарына сәйкес, ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекеттер кіріктірілген.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру;
- 2) сөйлеуді дамыту;
- 3) көркем әдебиет;
- 4) сауат ашу негіздері;
- 5) қазақ тілі (оқытуы басқа тілде жүргізілетін сыныптарда);
- 6) математика негіздері;
- 7) құрастыру;
- 8) қоршаған ортамен танысу;
- 9) сурет салу;
- 10) мүсіндеу;
- 11) жапсыру;
- 12) музыка.

2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын басшылыққа алып жұмыс жасалды. Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтар мен ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады. Физикалық қасиеттерді дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, өазаө тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асады. Танымдық және

